24. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын көрсетеді.
25. Артықшылықты акциялардың меншік иелерінің - акционерінің қоғам жарғысымен белгіленген алдын ала анықталған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуда, және Заңмен белгіленген тәртіпте қоғам тараған кезде мүліктің бөлігін алуда жай акциялардың меншік иелерінің алдында айрықша құқығы бар.
26. Артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруда қатысу құқығын ұсынбайды, келесі жағдайларды ескермегенде:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы шешілуі бойынша артықшылықты акциялары бар акционердің құқықтарын шектеу мүмкін мәселені қарастырады. Мұндай мәселе бойынша шешім артықшылықты акциялардың жарияланған (сатып алынғандарды санамағанда) жалпы санының үштен екі бөлігінен кем емесі шектеу үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады;

Шешім қабылдау бойынша артықшылықты акцияларын иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге, келесі туралы сұрақтар жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің азаюы немесе есептеу тәртібінің өзгеруі;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібінің өзгеруі;

қоғамның артықшылықты акцияларын жай акцияларға айырбастау;

- 2) акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың құнын белгілеу әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол құрылтайшылар жиналысымен бекітелмеген болса) оларды ұйымдаспаған нарықта қоғаммен сатып алу кезінде Заңға сәйкес өзгертулерді бекіту туралы мәселені қарастырады;
- 3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның қайта құрылуы немесе таратылуы жөніндегі сұрақты қарастырады;
- 4) артықшылықты акция бойынша дивиденд төлеу үшін белгіленген мерзім күні өткеннен кейін үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген, дивиденд Заңның 22 бабы 5 тармағы негіздемелері бойынша есептелмеген жағдайды қоспағанда.

Осы Жарғының 26 тармағы 4) тармақшасымен қарастырылған жағдайда, артықшылықты акциялардың меншік иесі - акционерінің қоғамды басқаруда қатысу құқығы оған жататын артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің толық мөлшері төленген күннен бастап тоқтатылады.

27. Қоғамның өз акцияларын олардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бір немесе бірнеше жариялаулар арқылы жарияланған акциялар санының шегінде жариялау құқығы бар.
28. Қоғамның жариялайтын акцияларының төлеміне, Қазақстан Республикасының Заңы мен басқа заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқық (соның ішінде зияткерлік меншік нысандары) және басқа да мүлік кіруі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлеу (бағалы қағаздарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушымен белгіленген баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның жарияланған акцияларын қор биржасында айналатын бағалы қағаздармен төлеу қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасымен белгіленетін нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Мұндай бағалы қағаздардың акцияларды төлеуге енгізілетін бағалы қағаздар түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасымен есептелген нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушымен жүргізіледі.

Егер жарияланатын акциялардың төлеміне мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау қоғаммен бұл мүлікті пайдаланудың барлық мерзімі үшін төлеу мөлшерінен жүргізіледі.

Көрсетілген мерзімнің аяқталуына дейін мұндай мүлікті қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының келісімісіз алуға тыйым салынады.

29. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу тіркеушімен жүзеге асырылады.

6. Дивидендтер

30. Акционердің оған тиесілі акциялар бойынша қоғаммен төленетін табыс дивиденд болып табылады.

Қоғам акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе бағалы қағаздармен, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында жай көпшілік даусымен қабылданған жағдайда төленеді.

Дивиденттерді қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге тыйым салынады.

Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу, тек мұндау төлеу қоғамның жарияланған акциялапрымен және онымен шығарылған облигацияларымен акционердің жазбаша келісімі болған кезде ғана рұқсат етіледі.

Дивидендтерді алу құқығы бар акционерлер тізімі дивидендтерді төлеу күнінің алдындағы күні құрылуы тиіс.

Дивидендтері төленбеген акцияны меншіктен шығару акцияның жаңа меншік иесімен оларды алу құқығымен жүзеге асырылады, егер басқасы акцияларды меншіктен шығару туралы шартпен қарастырылмаған болса.

31. Қоғамның жай акциялары бойынша төлеу жыл қорындылары бойынша жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысымен дивидендтерді жартыжылдық немесе тоқсандық қорытынды бойынша төлеу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

32. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді жартыжылдық немесе тоқсандық қорытынды бойынша төлеу қоғамның тиісті кезең бойынша қаржылық есеп аудиті жүргізілгеннен кейін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

Жылдық қорытынды бойынша қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.

33. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

34. Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылданған күннен он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялаумен жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау құқығы бар.

35. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде келесі мәліметтерді болуы тиіс:

a. Қоғамның аталуы, орналасқан орны, банктік және басқа деректемелер;

b. Дивиденттер төленетін кезең;

c. Бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері;

d. Дивидендтерді төлеу басталған күні;

e. Дивиденттерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

36. Дивиденттердің төленуі акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған кезден 90 күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционердің қоғамға жүгіну кезінен бастап 90 күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

37. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу қоғам органының шешімін талап етпейді.

38. Қоғамның бір артықшылықты акциясына төленетін дивидендтердің кепілдікті мөлшері, соның ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі акционерлердің жалпы жиналысымен қоғамның артықшылықты акцияларын шығару қажеттілігі туралы сұрақты шешкен жағдайда белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысымен мұндай шешім қабылданған кезде қоғам Заң талаптарына сәйкес тиісті өзгертулерді Жарғыға енгізуі қажет.
39. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері дәл осы мерзімге төленетін жай акциялар бойынша дивидендтер мөлшерінен аз болмауы қажет. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша төлемдер жүргізілмейді.
40. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленетін мерзім алдындағы 5 күн ішінде қоғам осы жарғының 35 тармағы 1), 2), 3) 4), 5) тармақшаларында аталған мәліметтерді көрсетумен бұқаралық ақпарат құралдарында дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты, және Қоғамның бір артықшылықты акциясына төленетін дивиденд мөлшері туралы ақпаратты жариялауы міндет.
41. Қоғамның өзімен жарияланбаған немесе сатылып алынған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді, сонымен қатар егер сотпен немесе қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен оның таратылуы туралы шешім қабылданған жағдайда.
42. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің төленуі рұқсат етілмейді:
 - a. Өзіндік капиталдық теріс мөлшерінде немесе қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша есептеулер нәтижесінде теріс болып қалған жағдайда;
 - b. Егер қоғам төлеу қабілетсіздігінің белгілеріне немесе Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңына сәйкес қауқарсыздық белгілеріне сай келетін болса немесе көрсетілген белгілер қоғамда оның акцияларын есептеу нәтижесінде пайда болса.

7. Қоғамның органдары

43. Қоғамның органдары болып табылады:
 - 1) Жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
 - 2) Басқару органы – директорлар кеңесі;
 - 3) Жекеше атқарушы органы – бас директор;
 - 4) Бақылау органы - ішкі аудит қызметі (акционерлердің жалпы жиналысының оны құру туралы шешімі қабылданған жағдайда).

8. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

44. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тысқа бөлінеді.
 45. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акцияларды шығару мемлекеттік тіркелгенге кейін және акцияларды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін құрғаннан кейін екі ай ағымында шақырылған және өткізілген болуы тиіс.
 46. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті болады. Акционерлердің өзге жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады.
 - 1) директорлар кеңесі;
 - 2) ірі акционер;
- Қазақстан республикасының жзаңнамалық актілері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті шақырылған жағдайда қаралаты болады.
47. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында :

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекііледі,
- 2) өтіп кеткен қаржылық жылға қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі мен қоғамның бір қарапайым акциясына есептеумен дивиденд өлшемі анықтаалды.
- 3) акционерлердің қоғамның және оның қызметтік тұлғаларының әрекеттеріне жүгінулер мен олардың қарауларының қорытындылары туралы мәселе қарастырылатын болады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционеріне директорлар кеңесінің мүшелері мен қоғамның атқарушы органының құрамы мен оларға берілетін сыйақылардың мөлшері туралы ақпарат береді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдері акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған шешімдердің қабылдануын қарауға құқылы болады.

Жарғының 47 тармағына сәйкес құзіреттілігіне жатқызылған акционерлердің жалпы жиналысын қарау Директорлар кеңесімен бастамаланады.

48. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталған кейін бес ай ағымында өткізіледі. Көрсетілген мерзім есептік кезеңге қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылы алады.

49. Қоғамда барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиісті болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және (немесе) қоғам жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер осындай акционермен жеке қабылданады және осындай шешімдер артықшылықты акциялармен куәлендірілген құқықтарға зиядық келтірмеген және шектемеген жағдайда жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

50. Егер Жарғының 49 тармағына сәйкес жалғыз акционер немесе қоғамның барлық дауыс бккеретін акцияларына ие тұлға заңды тұлға болып табылатын болса, Заңмен және қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелердің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы болатын органмен, қызметтік тұлғалармен немесе заңды тұлғаның қызметкерімен қабылданады.

51. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу төменде аталғандармен орындалады.

- 1) атқарушы органмен;
 - 2) оным ең жасалған шартқа сәйкес қоғам тіркеушісімен;
- Директорлар кеңесімен;

Тарату болған жағдайда – Қоғамның тарату комиссиясымен;

52. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығыстар заңмен қаралған жағдайлардан басқа Қоғам көтеретін болады.

53. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақытын оған қатысуға құқығы бар тұлғаларды барынша көп қатыстыра алатындай етіп ұйымдастыру қажет.

54. Акционерлер отыз күнтізбелік күндерден кешіктірмей алдағы уақытта жалпы жиналыстың өтетіндігі туралы хабарлауға тиіс, сыртта немесе аралас дауыс беру жағдайында жиналыс өтетін күнге дейін қырық бес күнтізбелік күндер бұрын хабарланады.

55. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада болуға тиіс:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы мәліметтерді;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақыты мен орнын, жиналысқа қатысушылардың тіркеу уақытын, сондай-ақ, бірінші жиналыс өтпей қалса қоғам акционерлерінің қайта жалпы жиналысын өткізу күні мен уақытын ;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;

- 6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдармен қоғам акционерлерін таныстыру тәртібін,
- 7) жиналысты өткізу тәртібін;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі мен сырттай дауыс берге арналған процедураларды,
- 9) Сәйкесінше жиналыс өткізілетін қазақстан республикасының заңнамалық актілерінің нормалары;
57. Акционерлердің қайта жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы жалпы жиналысын өткізу күні анықталғана кейін келесі күннен ерте бола алмайды.
58. Акционерлердің қайта жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысы өтпеген жерде өтуге тиіс.
59. Акционерлердің қайта жалпы жиналысы акционерлердің өтпеген жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс,
60. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен қалыптасады және талқылауға шығарылатын нақты қалыптастырылған мәселелер бойынша сарқылмайтын тізбені құрауға тиіс.
61. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан жоғары пайызына ие акционердің өзімен немесе басқа акционерлермен бірге немесе қоғам акционерлері осындай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткенге дейін он бес күн бұрын білген жағдайда немесе осы жарғының 64 тармағында анықталған тәртіпте директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.
62. Ішкі тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібі өзгерту бойынша алынған ұсыныстарды баяндауға тиіс:
63. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен орындалады.
64. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және қоғамның дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің көпшілігі дауыс берген жағдайда Күн тәртібіне өзгерістер мен (немес) толықтырулар енгізіле алады. Күн тәртібі орналаспстрылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарды шегергенде) үштен екі дауыс берілген жағдайда артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқығын шектей алатын шешіммен толықтырылуы мүмкін.
65. Шешімді қабылдау кезінде Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің сырттай дауыс беруі арқылы күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.
65. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы болмайды .
66. Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзгеше», «басқа» секілді мағынасы кеңірек сөздерді қолдануға болмайды.
67. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі осы мәселеер бойынша негізделген шешімдерді қабылдауға қажетті бойынша материалдар құрауға тиіс.
68. Органдарды сайлау бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар турал келесі ақпараттарды шқұрауға тиіс.
 - 1) ату-жөні, тегі ;
 - 2) білім туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
 - 4) жұмыс орындары туралы және соңғы үш жылдағы қызметі туралы мәліметтер ;Кандидаттардың біліктілігі ен жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпараттар, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорларын сайлау туралы материалдар енгізілген жағдайда (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттардың қандай акционердің өкілі екендіні немесе оның қоғамны тәуелсіз директоры қызметі кандидат болатындығы көрсетілуі тиі.

Директорлар кеңесі мүшесіне кандидат акционер немесе Заңның 54 бабының 2 тармағының 3 тармақшасында көрсетілген жеке тұлға болған жағдайда онда ондай мліметер акционерлердің тізімін құру күніне қоғамның дауыс беруші акцияларына акциялардың ие болуы туралы деректері қосылған материалдар көрсетілуі тиіс.

69. Акционерлердің жылды жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша мәтеерилдарға мыналар кіреді:

1) қоғамның жылдық қаджылық еептілігі;

2) жылдық қаржылық есептілікк аудиторлық есеп;

өткен қаржылық жылға Қоғамның таза кірісі бөлу және бір қарапайы акцияға есептегенде дивидент мөлшері туралы директорлар кеңесінің ұсынысы ;

3) қоғамның және оның қызметтік тұлғаларына әрекетіне акционерлердің жүгнулері туралы ақпараттар және қараулардың қорытындылару туралы ақпарататр;

5) көпшілік компаниялардағы есептік кезеңге директорлар кеңесінің өз қызметі туралы есебі ,

6) Бастаушының қарауы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бойыгша өзге құжатта;

70. Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің жалпы жиналысының дайын болуы тиіс және қол жетімді Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері акционерлердің танысулары үшін кемінде он күн жиналысы өткізілетін күнге дейін, ал болған жағдайда акционердің сауал салуы үш жұмыс күні ішінде сұрау салуды алған күннен бастап шығыстар; құжат көшірмелерін дайындау мен құжаттардың жеткізілуі қоғам көтереді.

71. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға сәйкес белгіленеді, жарғы және басқа құжаттар қоғамның ішкі қызметін реттейтін қоғамның, не тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен.

72. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді тіркеу жүргізіледі (олардың өкілдерінің). Акционердің өкілі растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс, оның өкілеттіктері мен акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру.

73. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі), тіркеуден өтпеген, кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы.

Акционер қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын, жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің қатысу тәэртібімен өткізілетін қатысу және онда қаралатын мәселелерді талқылауға.

Акционерлердің жалпы жиналысында жүргізілетін көзбе-көз тәртіпте, шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте мұндай тұлға болуға құқылы акционерлердің жалпы жиналысында төрағасының рұқсатымен басталады.

74. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылады жарияланған уақытта кворум болған жағдайда.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық болмауы тиіс, жарияланған уақыттан бұрын болған жағдайды қоспағанда, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және ескертпеге жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық.

75. Акционердің жалпы жиналысын төрағасы мен хатшы жүргізеді.

Акционерлердің жалпы дауыс беруі ашық және жасырын болады (бюллетендер бойынша)

76. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасының қарастырылып отырған мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныстарды дауыс беруге шығару құқығы бар.

Төрағаның күн тәртібін талқылауға қатысу құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі болуына құқығы жоқ, мұндай сөз сөйлеулер акционерлердің жалпы жиналысының тәртібінің бұзылуына әкелген жағдайларды қоспағанда немесе бұл сұрақ бойынша жарыссөздер тоқтатылған кезде.

Акционерлердің жалпы жиналысының өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің бөлек сұрақтарының қарастырылуын келесі күнге ауыстыру құқығы бар.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық сұрақтары қарастырылғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін жабық болып жариялануы мүмкін.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығына жауап береді.

79. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

80. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беру бюллетендері акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (беріледі).

81. Бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының өткізілу күніне дейін қырық бес күннен кеш емес жіберілуі тиіс.

82. Сырттай дауыс беру бюллетені келесі мәліметтерді құруы тиіс:

- a. Қоғамның атқарушы органының толық аталуы мен орналасқан жері;
- b. Жиналысты шақыру ынтагері туралы мәліметтер;
- c. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- d. Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күні;
- e. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- f. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау сұрақтарын құрайтын болса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты-жөні;
- g. Дауыс беру жүргізілетін сұрақтар тұжырымдамасы;
- h. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
- i. күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру;

83. Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционер – жеке тұлға, бұл тұлғаны жеке куәландыратын құжаты туралы мәліметтерімен қол қойылуы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционер – заңды тұлға оның басшысымен қол қойылып заңды тұлғаның мөрімен расталуы тиіс (ол бар болған жағдайда).

Акционер – жеке тұлғаның немесе акционер – заңды тұлғаның басшысының қолы қойылмаған, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрі (ол бар болған жағдайда) болмаған жағдайда, бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде акционермен бюллетенде белгіленген және мүмкін болатын жауаптардың тек біреуі белгіленіп дауыс беру тәртібі сақталған сұрақтар бойынша дауыстар ескеріледі.

84. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы сұрақтарды құрайтын болса, сырттай дауыс беру бюллетені бөлек кандидаттар үшін берілген дауыс беру санын көрсетуге арналған орны болуы тиіс.

85. Егер акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізу кезінде тиісті түрде толтырылған бюллетендер барлық акционерлерден дауыстарды санау күнінен ерте келген жағдайда, тым ерте күнімен дауыстарды есептеу рұқсат етіледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

Егер алдында сырттай дауыс беруге бюллетенін жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беруге қатысу үшін келген болса, акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде және күн тәртібі сұрақтары бойынша дауыстарды санау кезінде оның дауысы ескерілмейді.

86. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру «бір акция-бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда, бір акционерге ұсынылған акциялар бойынша максималды дауыстар санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі жиынтықты дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық сұрақтары бойынша бір дауыстан ұсыну.

87. Жиынтықты дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылатын дауыстар акционермен директорлар кеңесінің мүшелеріне толық бір кандидат үшін берілуі мүмкін немесе директорлар кеңесінің мүшелеріне бірнеше кандидаттар арасында үлестірілуі мүмкін. Ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған кандидаттар болып танылады.

88. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру құпиялы түрде жүргізілетін болса, мұндай дауыс беру үшін бюллетендер (әрі қарай – бетпе-бет құпиялы дауыс беру бюллетендері) құпиялы түрде жүзеге асырылатын дауыс беру бойынша әрбір бөлек сұраққа құрылуы тиіс. Бұл ретте бетпе-бет құпиялы дауыс беру бюллетені келесіні құруы тиіс:

- 1) жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтың тұжырымдамасы мен реттік нөмірін;

2) «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен көрсетілген сұрақ бойынша дауыс беру нұсқаларын, немесе Қоғам органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқаларын;

3) акционерге тиесілі дауыстар санын.

бетпе-бет құпиялы дауыс беру бюллетеніне акционер қол қоймайды, егер акционер өзі бюллетенге қол қоюды қалаған жағдайды санамағанда, сонымен қатар Заңға сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға ұсыну мақсатында.

Бетпе-бет құпиялы дауыс беру бюллетендері бойынша дауыстарды санаған кезде бюллетенде белгіленген және мүмкін болатын жауаптардың тек біреуі белгіленіп дауыс беру тәртібі сақталған сұрақтар бойынша дауыстар ескеріледі.

89. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары бойынша хаттаманы жасап қол қояды.

90. Дауыс беруге шығарылған сұрақ бойынша акционердің ерекше пікірі болған жағдайда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазуды енгізуі міндет.

91. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып қол қойылғаннан кейін, солардың негізінде хаттама жасалған бетпе-бет құпиялы дауыс беру бюллетендері (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер) хаттамамын бірге тігіледі және қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен қосылуға жатады.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген барысындағы акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

92. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде акционерлердің хабардарына жеткізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының аталуы:

бұқаралық ақпарат құралдарының тиражы 15 000(он бес мың) данадан кем емес , Қазақстан Республикасының барлық аймағында таралған, мемлекеттік және орыс тілінде шығарылатын «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» сияқты республикалық газеттер, және/немесе жеке корпоративтік вебсайт және/немесе қаржы есептемесінің депозитариясының интернет-ресурсінде.

93. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы тиіс.

94. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

- 1) Акционерлердің атқарушы органының толық аталуы мен орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілу күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беруші қоғам акцияларының саны туралы мәліметтер;

- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөз сөйлеуі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша акционерлердің дауыс беруінің жалпы саны;
- 10) Дауыс беруде қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер;

Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесі мүшесін сайлау сұрағын қарастыру жағдайында, хаттамада директорлар кеңесінің мүшесі қай акционер өкілі екендігі көрсетіледі.

95. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы қол қоюға жатады.

1) төрағамен және хатшымен;

2) он және одан көп пайыз акциясы бар акционерлермен ;

96.

Егер кез келген тұлға хаттамаға қарсы болса, хаттамаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционер атынан сенімхат арқылы қол қойылады.

97. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындыларының хаттамасымен, сенімхаттармен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органымен сақталуы тиіс. Акционердің талабымен хаттаманың көшірмесі беріледі.

9. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіреттері

98. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне келесі мәселелер кіреді.

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оның жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ, ол қабылданған жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) ерікті қайта құру немесе қоғамды тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларын көбейту туралы шешімді қабылдау немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын конвертттеудің, сондай-ақ, оларды өзгертудің шарттары мен тәртібін анықтау;
- 6) қоғамның қарапайым акцияларына конверттелетін бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдерді қабылдау,
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға алмастыру туралы шешімдерді қабылдау, осындай алмастырудың шарттары мен тәртіптерін анықтау;
- 8) Есептеу комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттіктерінің мерзімін анықтау, , олардың мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Сандық құрамды, директорлар кеңесінің уәкілеттіктер мерзімдерін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, өз міндеттерін орындағаны үшін директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары мен өтемақыларын төлеу мөлшерлері мен шарттарын анықтау,
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12) есептік қаржылық жылға қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімдерді қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивиденттің мөлшерін бекіту,

13) қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешімдерді қабылдау;

14) Қоғамның акцияларының листингісі және ерікті делистингісі туралы шешімдерді қабылдау,

15) Қоғамға тиісті барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларды немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан өзге заңды тұлғаларды құруға немесе құрамның шығуға Қоғамның қатысуы туралы шешімдерді қабылдау,

16) Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарламаның формасын анықтау және осындай ақпараттарды бұқаралық ақпараттық құралдарға орналастыру туралы шешімдерді қабылдау;

17) Заңға сәйкес Қоғамның акцияларын ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (құрылтайшылық жиналыспен бекітілген болса әдістемені бекіту);

18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) Акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпараттарды беру тәртібін анықтау, оның ішінде егер осындай тәртіп Қоғамның жарғысымен анықталмаған болса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау,

20) «алтын акцияларды» жүргізу және жою; ,

21) Нәтижесінде елу және одан жоғары пайыздарды иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне Қоғамның қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан жоғары пайыздарды құрайтын мүлік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілелерді жасауды мақұлдау туралы шешімдерді қабылдау;

22) өзге мәселелер, заңға және акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жататын қоғам жарғысына жатқызылған шешімдерді қабылдау;

99. Жарғының 98 тармағының 2), 3), 4) және 17) тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санынан білікті көпшіліктің даусымен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Заңмен басқаша анықталмаса дауысқа қатысатын қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Осы жарғының 98 бабының 7 тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін, шешімі артықшылықты акцияларға ие болған акционердің құқығын шектейтін басқа түрдегі акциялардың бір түріне орналастырылған акцияларды ауыстыру бойынша шешімдерді қабылдау кезінде орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарды шегергенде) жалпы санынан үште екісінен кем емес көпшілік дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады.

100. Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен өзгеше анықталмаса Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретімен, , басқа органдардың, қызметтік тұлғалардың және қоғам қызметкерлерінің құзіретімен шешілуі тиіс мәселелердің шешімі біреуге табысталмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімін жоюға құқылы болады.

10. Қоғам акционерлерінің кеңесі

101. Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) акционерлерді жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған Қоғам жарғысымен мәселелерді шешуден басқа қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

102: Директорлар кеңесі тиіс:

- 1) қызметтік тұлғалар және акционерлер деңгейінде мүдделердің әлеуетті келіспеушіліктерін зерделеуге және мүмкіндігі бойынша жоюға, оның ішінде қоғамның меншігін заңсыз пайдаланбауға және мүддесі бар мәмілелерді теріс пайдаланбауға,
- 2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауға;

103. Ең маңызды мәселелерді қарау және қоғамдағы директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды,:

- 1) стратегиялық жоспарлау,
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжатымен қаралған өзге мәселелер;
- 6) Жарғының осы тармағында аталған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзіретіне жатқызылуы мүмкін;

Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесі мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие болған сарапшылардан құралады.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру және жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ, сандық құрам директорлар кеңесімен бекітілетін қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

104. Директорлар кеңесінің мүшелері тек жеке тұлғалар бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңмен және (немесе) қоғамның жарғысымен өзіне жүктелген міндеттерді өзге тұлғаларға табыстауға құқылы болмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері төменде аталғандардан сайланады:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалар,
- 2) акционерлердің тұлғалары ретінде директорлар кеңесінде сайлануға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар;
- 3) Қоғамның акционері болмайтын және акционерлердің тұлғалары ретінде директорлар кеңесінде сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар;

Осы Жарғыға сәйкес директорлар кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға келесі талаптар қойылады.

- осындай тұлғалар жеке басы тұрғысынан және іскерлік тұрғыдан мінсіз атақ-абыройға ие болуға тиіс, ;
- осындай тұлғалар директорлар кеңесінде жұмыстарды орындау үшін қажет болатын білімге, тәжірибе мен дағдыға ие болуға тиіс;

105. Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидатты дауысқа салу жағдайынан басқа дауыс беруге бюллетендерді пайдаланумен акционерлердің кумулятивті дауыс беруімен орындалады. Кумулятивті дауыс беру бюллетені келесі аталғандардан құралады.

- 1) Директорлар кеңесі мүшелеріне кандидаттар тізбесі;
 - 2) Акционерге тиіс болатын дауыстар саны;
 - 3) Акционермен Директорлар кеңесі мүшелеріне берген дауыстарының саны;
- Кумулятивті дауыс беру бюллетеніне «иә», «жоқ», «қалыс қалғандар» варианттарын енгізуге тыйым салынады.

Акционер акциялар бойынша өзіне тиісті дауысты бір кандидатқа толығымен беруге немесе директорлар кеңесі мүшелеріне бірнеше кандидаттар арасында бөлуге құқылы болады. Дауыстардың көпшілігін жинаған кандидаттар Директорлар кеңесінде сайланғандар болып саналады. Директорлар кеңесі мүшелеріне екі және одан артық кандидаттар бірдей дауыс жинаған болса, осы кандидаттарға қатысты бірдей дауыс жинаған кандидаттардың аты-жөндері көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетендерін акционерлерге беру арқылы қосмша кумулятивті дауыс беріледі.

106. Басшысынан басқа атқарушы органның мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органының басшысы директорлар кеңесі төрағасымен сайлана алмайды.

107. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан аз болмауы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамынан кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

108. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша қаралмаса шектеусіз санмен қайта сайлана алады.

109. Директорлар кеңесінің мүшелері бес жылға сайланады. Директорлар кеңесінің уәкілеттіктер мерзімі директорлардың жаңа кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтіне қарсы өтеді.

110. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы болады. Осындай директорлар кеңесі мүшелерінің уәкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысы оның уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

111. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша уәкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде орындалады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің уәкілеттіктері директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайында Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен сайланады, бұл реттеу жаңадан сайланған директорлар кеңесінің мүшесі уәкілеттіктері жалпы директорлар кеңесі уәкілеттіктерінің мерзімі өтуі бойынша біруақыт тоқтатылады.

112. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша мүшелердің ішінен сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілісін жүргізеді, сондай-ақ, Қоғам жарғысымен анықталатын өзге міндеттерді атқарады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері атқарады.

113. Директорлар кеңесінің мәжілісі төменде аталған талаптар бойынша төрағаның немесе атқарушы органның бастамасы бойынша шақырыла алады.\

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудиті қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің ;

114. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің мәжілісіне күн тәртібін тіркейтін тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы директорлар кеңесінің төрағасына беріледі.\

Директор кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда Бастаушы адам директорлар кеңесін шақыруға тиіс болатын атқарушы органға аталаған талаппен жүгінуге құқылы болады.

Директорлар кеңесінен мәжілісті шақыру туралы талап түскен күннен бастап он бес жұмыс күннен кешіктірілмей ол Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты көтерген тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мәжілісті өткізу туралы хабарламаны директорлар кеңесі мүшелеріне жолдау тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

115. Күн тәртібі бойынша материалдар мәжіліс өткен күнге дейін кем дегенде жеті күнтізбелік күндер ағымында директорлар кеңесі мүшелеріне беріледі.

Жасалуында мүдде бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қарау жағдайында мәміле туралы ақпараттар, мәмілелер тараптары, мәмілелерді орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ, бағалаушының есебі туралы (Заңның 69 бабының 1 тармағымен қаралған жағдайда) ақпараттар болуға тиіс.

Қоғамның мәмілелерді жасауына мүдделі тұлғалар Заңның 72 бабында көрсетілген ақпараттарды директорлар кеңесінің қаперіне жеткізуге тиіс. Заңның 72 бабында көрсетілген ақпараттар қоғамның директорлар кеңесіне жолданатын материалдарына тіркеледі.

116. Директорлар кеңесінің мүшесі атқарушы органға алдын-ала директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысуға мүмкіндігінің жоқ екендігін хабарлауға міндетті болады.

117. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізуге арналған кворум директорлар кеңесі мүшелерінен санынан жартысынан кем болмауға тиіс. Көпшілік компанияның директорлар кеңесі мәжілісінде тәуелсіз директорлардың жалпы санынан кем дегенде жартысын құрайтын тәуелсіз директорлар ұсынылуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға міндетті болады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек осындай кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға құқылы болады.

118. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Заңмен өзгеше қаралмаса мәжіліске қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыс бірдей болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағаларының немесе директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық еткен тұлғалардың дауысы шешуші дауысқа ие болады.

